

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 маусым N 833

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 қаулысы мен "Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі мәні: көлік және коммуникациялар саласында және экономиканың басқа да салаларында жоғары білікті мамандар даярлау және қайта даярлау; көлік және коммуникациялар саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық және жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу; көлік, технологиялық, коммуникациялық және басқа да техникалық құралдардың жаңа үлгілерін жасау және сынау деп белгілесін;

2) Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен шығарылған жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25 пайызынан аспайтын сомаға акциялардың келесі эмиссиясын шығару жолымен оның жарғылық капиталын ұлғайту шараларын қабылдасын. Акциялардың келесі эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібіне сәйкес жүргізілсін;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакетін жарғылық капиталының 45 пайызы мөлшерінде сатуды жүзеге асырсын;

4) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне берсін;

5) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      1 8                      м а у с ы м д а ғ ы

№                      8 3 3                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-45-жолмен толықтырылсын:

"123-45. "М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" Ж А Қ " .

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-10-жолмен толықтырылсын:

"222-10. "М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы"  
Ж А Қ " .

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК